


**Бекітемін**  
**Қазақстан Республикасы Ұлттық**  
**экономика министрлігінің Мемлекеттік**  
**материалдық резервтер комитетінің**  
**торағасы**

 **А. Сәду**  
**2014 жылғы «9» желтоқсан**

**ҚР Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер**  
**комитетінің жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын**  
**шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік**  
**комиссияның жұмыс регламенті**

1. Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі ҚР Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің тендерлік комиссиясы (бұдан әрі – тендерлік комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес өз жұмысын жүзеге асырады.

2. Қағидаларға сәйкес Жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару тендерінің ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті болып табылады.

3. Тендерлік комиссия құрамына төраға, тораға орынбасары және тендерлік комиссия мүшелері кіреді.

Тендерлік комиссия торағасы болмаған кезінде оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

4. Тендерлік комиссия мүшелері санының үштен екісінен кем емес қатысушы және төрағасы немесе оны ауыстыратын тұлға қатысқан жағдайда ғана комиссия отырысы заңды болып есептеледі.

5. Тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда тендер әрбір бейсенбі күні сағат 11.00-де өткізіледі.

6. Тендерлік комиссияның хатшысы өтінімдер бар екендігін әр сәрсенбі сайын сағат 18.30-да тендерлік комиссия мүшелеріне хабарлайды.

7. Тендерлік өтінім тендер болатын уақытқа дейін тендерлік комиссия торағасының сейфінде мөрленген конвертте сақталады және тендерлік комиссия отырысында ашылады.

8. Хатшы тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы хабарламаны дайындап тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде тендерді ұйымдастырушының ғаламтор-қорында орналастырылады.



9.Тендерлік комиссия отырысының хаттамасын тендер өткен күні хатшы дайындайды және тендер мүшелерімен қол қойылып, [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылады.

10.Тараптардың материалдық құндылықтарды жұмылдыру резервінен шығару шарттарын дайындауы және қол қоюы тендерлік комиссияның хаттамалық шешімі негізінде жүзеге асады.

11. Тауарды көлікке тиеуге қатысты шығындар, көлік құралдарын жалдауға, вагондарды және басқа да көлік құралдарын келтіруге/жинауға қатысты барлық шығындар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген барлық мүмкін болатын шығындар (жинаулар, баж салығы және басқа да шығындар) тендер жеңімпазы (сатып алушы) есебіне жатады.

12.Тендерлік комиссия отырысы аудио-видео жазбаларымен қоса жүргізіледі.

**Комиссия төрағасы:**

Сәду А.Ә.




**Комиссия төрағасының орынбасары:**

Сабырбаева С.К.



**Комиссия мүшелері:**

Ахметов Б.Қ.



Нұрқанов Д.А.



Мағұлов М.Б.



**Комиссия хатшысы:**

Бақова И.Ж.

